Шығ. №26/1-1 2026 ж. «22» қаңтар
Шымкент қ.

Кімге:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының
«Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігі мен Үкіметінің
әкімшілік ғимараттары дирекциясы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
БСН: 020440003656
Мекенжайы: Астана қ., Есіл ауданы,
Мәңгілік Ел даңғылы, 6,
«Үкімет үйі»

Кімнен:
Әлеуетті өнім беруші: «ЭлектроДвиж» ЖШС-і
БСН: 220740048570
Мекенжайы: Шымкент қ., Тұран ауданы,
Қазыбек би көшесі, 205
Байланыс телефоны: +7(708)584-62-41
Электрондық пошта: electrodvizh24@gmail.com

ШАҒЫМ

Осы шағым арқылы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өткізген мемлекеттік сатып алу рәсімі бойынша қабылданған комиссияның шешімімен келіспейтінімізді хабарлаймыз.

Сатып алуды өткізу тәсілі: Ашық конкурс
Хабарландыру нөмірі: 15881583-1
Хабарландырудың атауы: 2026 жылға арналған электр тауарлары
Қорытындылар хаттамасы №16575217, «19» қаңтар 2026 ж.

Аталған қорытынды туралы хаттамаға сәйкес, комиссия жеңімпаз ретінде «ИнтерСнаб KZ» ЖШС-ін (БСН 161140023742) анықтаған.

Алайда, комиссияның бұл шешімі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес келмейді деп есептейміз, себебі:

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар комиссия тарапынан өтінімдерді әділ, объективті және бейтарап бағалау қағидаларының сақталмағанын көрсетеді.

Бұл басқа әлеуетті өнім берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзады.

«ИнтерСнаб KZ» ЖШС-нің (БСН 161140023742) анықталған сәйкессіздіктері:

«ИнтерСнаб KZ» ЖШС мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу барысында «Ұсынылатын тауардың функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамалары (нақты сипаттамалар көрсетіледі)» бағанын толтыру кезінде техникалық ерекшелік талаптарын сақтамаған.

Атап айтқанда, төмендегі лоттар бойынша ұсынылған сипаттамаларда **«кем емес»** деген сөз тіркестері және **«>»** белгілері қолданылған:

П.п 81183104 Жарықдиодты эвакуациялық шам қабырға кернеуі 220В , қуаты 3Вт, Ni-Cd батарея, жарық ағыны 210Лм, жұмыс тәртібі тұрақты емес, батареяның толық ыдырауынан қорғау, апаттық режимде жұмыс уақыты 4 сағат, ұзындығы 356мм , биіктігі 136мм , **ені 64мм кем емес**, IP20 қорғау дәрежесі, МЕМСТ IEC 62722-2-1-2017, СП РК 2.04-104-2012 сәйкестігі»;

П.п 81182880 Жарықдиодты шам қуаты 24Вт, жарық ағыны 1440Лм, түс температурасы 4000К , кернеуі 90-260В, арматура материалы алюминий, қорғау дәрежесі IP20 , диаметрі 300мм,**биіктігі 18мм кем емес**, қызмет ету мерзімі 40000 сағат, МЕМСТ IEC 62722-2-1-2017 сәйкестігі»;

П.п 81180155 Жарықдиодты ойық шам, шаң мен ылғалға төзімді, қуаты 8 Вт, түс температурасы 3000 К, **түсті көрсету индексі (CRI): ≥ 80**, жарық ағыны 720 лм, корпус: алюминий, бояу RAL 9016, диффузор материалы: опал поликарбонат, шашырау бұрышы: 110°,IP20 қорғаныс дәрежесі, сыртқы диаметрі 107 мм, биіктігі: 40 мм, **қуат коэффициенті: ≥ 0,9**, қызмет ету мерзімі: 25 000 сағат, МЕМСТ IEC62722-2-1-2017 стандартына сәйкестігі»;

П.п81180396 Светодиодты енгізілетін жарықтандырғыш, шаң-тамшыдан қорғағыш, қуаты 20 Вт, түс температурасы 3000К, **түс беру индексі (CRI): ≥ 80**, жарық ағыны 1800 лм, корпусы алюминийден жасалған, RAL 9016 түспен боялған, диффузор материалы: опал поликарбонаты, сәулелену бұрышы 110°, қорғау дәрежесі IP20, сыртқы диаметрі 225 мм, биіктігі 70 мм, **қуат коэффициенті ≥ 0,9**, қызмет ету мерзімі 25000 сағат, МЕМСТ IEC 62722-2-1-2017 сәйкестігі»;

П.п81182711 Светодиодты енгізілетін жарықтандырғыш, шаң-тамшыдан қорғағыш, қуаты 20 Вт, түс температурасы 3000К, **түс беру индексі (CRI): ≥ 80**, жарық ағыны 1800 лм, корпусы алюминийден жасалған, RAL 9016 түспен боялған,диффузор материалы: опал поликарбонаты, сәулелену бұрышы 110°, қорғау дәрежесі IP20, Өлшемі: 300×600×40 мм , **қуат коэффициенті ≥ 0,9**, қызмет ету мерзімі 25000 сағат, МЕМСТ IEC 62722-2-1-2017 сәйкестігі».

Бұл жағдай комиссияға ұсынылған тауардың нақты техникалық сипаттамаларын айқындауға мүмкіндік бермейді, яғни әлеуетті өнім берушінің ұсынысы техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу қағидаларына сәйкес, «Ұсынылатын тауардың сипаттамалары нақты көрсетілуі тиіс» деген талап бұзылған.

Сонымен қатар, «ИнтерСнаб KZ» ЖШС төмендегі лоттар бойынша тауардың **шығарылған жылын 2026 жыл** деп көрсеткен:
П.п 81179330 Жарықдиодты шам цокольдің түрі Е27, кернеуі 240В , қуаты 9Вт , жарық ағыны 700Лм,шашырау бұрышы 120 градус , түс температурасы 4100К , түс беру индексі 89Ra, шашырауүлгісі күңгірт, ұзындығы 118мм , диаметрі R63мм, қызмет ету мерзімі 35 000 сағат, **аккредиттелген зертхананың фотометрия хаттамасы 2024 ж.**, СТ КР МЕМСТ Р 54815-2014 сәйкестігі»;
П.п 81178203 Люминесцентті шам, қуаты 18Вт, номиналды ток 0,36А,сынаптың номиналды мөлшері 1,7мг, G13 цокольдің түрі, Т8колбасының нысаны, жарық тиімділігі 1350Лм, түстемпературасы 4000К, түс беру коэффициенті 80Ra, үзіндігі 590мм, қызмет ету мерзімі 15000 сағат, **аккредиттелген зертхананың фотометрия хаттамасы 2024 ж** ,МЕМСТ IEC 61195-2019 сәйкестігі»;
П.п81179386 Жарықдиодты шам куаты 11Вт,GX53 цоколі, түс температурасы 4000 ,өлшемдері 75х24мм, жарық ағыны 920Лм, түс беру индексі 80Ra, қызмет ету мерзімі 25000 сағат, **аккредиттелген зертхананың фотометрия хаттамасы 2024 ж.** ҚР СТ МЕМСТ Р 54815-2014 сәйкестігі»;
П.п81179282 Жарықдиодты шам цокольдің түрі Е27, кернеуі 230В , қуаты 14Вт , жарық ағыны 1450Лм, түс температурасы 4000К,, түс беру индексі 80Ra, ұзындығы 110мм, диаметрі 60мм, қызмет ету мерзімі 25 000 сағат, **аккредиттелген зертхананың фотометрия хаттамасы 2024 ж.**,СТ КР МЕМСТ Р 54815-2014 сәйкестігі».

Алайда, аталған лоттар бойынша әлеуетті өнім беруші тауардың шығарылған жылын 2026 жыл деп көрсеткеніне қарамастан, тапсырыс беруші талап еткен аккредиттелген зертхананың фотометриялық хаттамаларын 2024 және 2025 жылдармен ұсынған.

Бұл жағдай логикалық және техникалық тұрғыдан мүмкін емес, себебі 2026 жылы өндірілген тауарға 2024 немесе 2025 жылы рәсімделген фотометриялық хаттама болуы ықтимал емес.

Осылайша, ұсынылған фотометриялық хаттамалар нақты ұсынылған тауарға қатысы жоқ немесе тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келмейді, бұл әлеуетті өнім берушінің өтінімін техникалық ерекшелік талаптарына сай емес деп тануға негіз болады.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, «ИнтерСнаб KZ» ЖШС-нің ұсынысы конкурстық құжаттаманың 18-тармағының 2) тармақшасы және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 27-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы негізінде техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейді, ал комиссия тарапынан бұл сәйкессіздіктерге тиісті құқықтық баға берілмеген.

Riten» ЖШС-нің (БСН 221240002117) анықталған сәйкессіздіктері:

Сонымен қатар, «Riten» ЖШС-нің (БСН 221240002117) мемлекеттік сатып алу рәсімі шеңберінде ұсынған өтінімінде анықталған сәйкессіздіктер мазмұны, сипаты және құқықтық салдары бойынша «ИнтерСнаб KZ» ЖШС-нің өтінімінде анықталған сәйкессіздіктерді толық әрі дәлме-дәл қайталайды.

Атап айтқанда, «Riten» ЖШС тарапынан да:
ұсынылатын тауардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану

сипаттамалары нақты көрсетілмей, «кем емес» деген сөз тіркестері мен «≥» белгілері қолданылған,
сондай-ақ тауардың шығарылған жылы 2026 жыл деп көрсетіле отырып, оған сәйкес келмейтін 2024–2025 жылдармен рәсімделген фотометриялық хаттамалар ұсынылған.

Бұл жағдай «Riten» ЖШС-нің ұсынысы да құжаттаманың 18-тармағының 2) тармақшасы және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 27-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы негізінде техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейтінін, ал комиссия тарапынан осы сәйкессіздіктерге тиісті құқықтық баға берілмегенін көрсетеді.

Осыған байланысты СІЗДЕН СҰРАЙМЫЗ:
Қорытынды туралы хаттаманың заңдылығына тексеру жүргізуді;
Комиссия қабылдаған шешімнің күшін жоюды;
Мемлекеттік сатып алу рәсімі бойынша заң талаптарына сәйкес жаңа шешім қабылдауды қамтамасыз етуді.

Күні: «22» қаңтар 2026 ж.

Әлеуетті өнім беруші: «ЭлектроДвиж» ЖШС-і

Қолы: _____

Аты-жөні: Әбілхай Әдіжәмі Әбдікерімұлы